

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

«Елімнің жүрегі - Астана!»



**Тобы: “Зерттеуші бүлдіршін” ересек топ
Тәрбиешілер: Сейітхан А.Ж , Сәдібекова А.М**

Қызылорда, 2025 ж

Тақырыбы: «Елімнің жүрегі- Астана!»

Міндеті: Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру.
- Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау.

- Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қ. Р - ның рәміздері, Астана қаласының ғимараттары, слайд.

Әдісі: Әңгімелесу, сұрақ - жауап.

Жүргізуші: Қайырлы күн! Құрметті бүлдіршіндер «Елімнің жүрегі- Астана!» атты мерекелік іс шараға қош келдіңіздер!



Киелі менің Елордам,
Арудай сұлу таранған.
Береке-бірлік, достықтың
Тұнығынан нәр алған.
Күн болып қарайды,
Шуақ боп тарайды.
Әлемге нұр шашқан,
Астана арайлы.

Әнұран орындалады.



- Кәне, балалар отырайық. Біз бүгін Отан туралы әңгімелесеміз. Балалар Отан деген сөзді қалай түсінеміз?

Балалар: туған жерім, атамекенім, отбасым, халқым.

- Дұрыс балалар, Отан дегеніміз біздің еліміз, туған үйлеріміз, өзіміз туып өскен жеріміз.

- Біздің Отанымыз - Қазақстан. Қазақстанды Отанымыз дейтін себебіміз, бұл жерде ата - бабаларымыз тұрған, енді сол жерде біз тұрамыз. Адал адам Отанын сүйеді. Адам жүрексіз өмір сүре алмайтыны сияқты, Отансыз да өмір сүре алмайды. Біздің мемлекетіміз Қазақстан Республикасы, ұлтымыз - қазақ.

- Балалар, Қазақстан Республикасының президенті кім?

- Қасым Жомарт Тоқаев

- Біз қай мемлекетте тұрамыз?
- Қазақстан Республикасы
- Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдері тұрады? Соның ішінде қандай ұлт өкілдерін білесіңдер?
- Орыс, өзбек, түрік, қытай.
- Мемлекеттік рәміздерімізді кім атап береді?
- Әнұран, ту, елтаңба.
- Ел ордамыз қай қала?
- Астана.

Көшелері құлпырған сала-сала

Аландары кең құшақ сайран дала.

Көргендері арлы аудан айнымайтын

Ақ көңілді кең пейіл қайран қала-деп ортаға бүлдіршіндеріміздің Астана күніне арналған өлең шумақтарын тату етеміз.

Айару:

Көк аспандай көкпеңбек

Қазақстан жалауы

Көк емес ол тектен – тек

Елдің ашық қабағы.

Гүлім:

Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке.

Егеменді халқымның

Болашағы бірлікте.

Шыңғыс:

Құт, береке шаңырақ

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген



Аяла:

Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы,

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды

Кәусар: Жайнайбер, жаңа Астанам,
Ертегідей ғажап бас қалам.

Ынтымақтың тербеп бесігін,
Тәуелсіз ел көшін бастаған.
Айсұлу: Ел ордам менің -Астана,
Осында жаңа бастама.
Сәулетті зәулім үйлер көп,
Көрікті сондай жас қала.
Айару: Елімнің жүрегі- Астана,
Күн нұры төгілген жас қала.
Бақытты балалар өсеміз,
Тыныштық құшағын аш қала.
Жанбота: Астана әсем қаласың,
Көркейіп жылда барасың.
Бауырыңа тарта бер,
Қазақтың әр баласын.



Жүргізуші: Біз балдырған тек басқан
Дос құшағы кең ашқан
Тілегіміз бейбіт күн
Ашық болсын көк аспан – дей отырып қыздар өз биін сыйлайды.

Би: « Қыздар»



Балалар сендердің қаншалықты сурет сала алатындарыңызды көргім келеді. Маған сурет салып беріңдерші?
Қәнекей, балалар «Елімнің жүрегі-Астана!» тақырыбына қатысты суреттер салып, құрастырып көрейікші.
(Балалар үш топқа бөлініп суреттер салып, суретті құрастырып, көлеңкесін табады)



Жүргізуші: Қане балалар, барлығымыз сурет салып болсақ ортаға жиналайық.

Балалар, сендер қандай сурет салдыңдар, суретте қандай бейне шықанын әңгімелеу? Қанекей, кім айтады?

Балалардың жауаптары: Байтерек, ханшатыр, ақорда, т.б. суреттер.



Жүргізуші: барлық елдің бөбегі

Бір-бірімен туысқан

Бәрімізге төгеді

Өз шуағын күміс таң- дей отырып қазір « Астана-арман қала» әнін шырқайық.

Хор: « Астана-арман қала»



Құрметті бүлдіршіндер, Астана күні құтты болсын, еліміз—аман, жұртымыз тыныш болсын, осымен «Астана- елімнің жүрегі!» атты мерекелік іс-шарамыз аяқталды.